

# Генерал-лейтенант Шырақбек Қабылбаевтың жүлдесі

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата - бабаларымыз “Тәні саудың – жаны сау” - деп бекер айтпаған.

Спортпен айналысқан адам өмірдің мәнін, ғұмырдың сәнін біледі. Өйткені «спорт тазалық кепілі» деген қанатты сөз бостан босқа айтылмаса керек. Осы бір сөзді Академияның басшылары, қызметкерлері және курсанттары күнделікті өмірлерінде басты назарда ұстайды.

Академия қабырғасында сенбі, жексенбі күндері әрдайым спорттың түр-түрінен жарыстар ұйымдастырылып тұрады. Бұл шара Академияның дәстүріне айналған міндет десем, артық айтқандық болмас еді.

Ол жақында ғана Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының спорт кешенінде Қазақстан полициясының 25 жылдығын мерекелеуге орай, алғаш

рет республикалық деңгейде ҚР құқық қорғау органдары ведомстволық оқу орындары арасында самбо күресінен және жауынгерлік самбодан генерал-лейтенант Шырақбек Қабылбаевты еске алу кубогі өтті. Жарыс өте керемет жоғары деңгейде ұйымдастырылуымен есте қалды.

Жарыс Академияның бастамасымен қолға алынып, Ішкі істер министрлігінің және Қостанай облыстық және қалалық спорт басқармасының, одан қалды, Қазақстан Республикасы «Самбо» күресі федерациясының және Қазақстан Республикасы «Динамо» ДСҚ қоғамдық бірлестігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Жарыстың ашылу салтанатында Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов тебіренген сөз сөйлеп, Шырақбек атамиз туралы естелік сөздер айтып, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі.

Құрметті қонақтар, жарысқа қатысушы спортшылар біз бүгін Академияда Қазақстан полициясының 25 жылдығы қарсаңында генерал-лейтенант Шырақбек

Қабылбаевты еске алу І-ші кубогін ұйымдастырып отырмыз. Бұл жарыс болашақта ішкі істер органдарында қызмет ететін Сіздер секілді болашақ офицерлерге тигізер пайдасы зор. Өйткені қылмыскерлерді ұстау кезінде қайсар мінездеріңізбен қоса, спорттық машықтарыңызда қажет екенін жақсы білеміз. Сондықтан бүгінгі самбо және жауынгерлік самбо күресі осының айғақ дәлелі ретінде ұйымдастырылып отыр.

Сіздерді бүгінгі жарыста қазақтан шыққан тұңғыш генерал-лейтенант Шырақбек Қабылбаев аталарыңыздың аруағы қолдап, жеңіске жете беріңіздер. Жалпы өткізіліп отырған жарыстың мақсаты Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспары стратегиялық даму бағдарламасын, 2020 жылға қарай стратегиялық мақсаттарды салауатты өмір салтын қалыптастыру идеологиясы негізінде жүзеге асыру және Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ішкі істер министрі, генерал-лейтенант, ІІМ еңбек сіңірген қызметкері Шырақбек

Қабылбайұлы Қабылбаевтың ерлігін, еңбегін жас ұрпаққа дәріптеу, сондай-ақ Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыру және Отанға деген патриоттық сезімдерін тәрбиелеуде самбо күресінің алатын орынын көрсету болатын, – деді Мирлан Ахмедияұлы.

Аталмыш жарысқа республикамыздың түкпір-түкпірінен атойлатып келген 12 команданың 100-ден астам спортшылары қатысты. Әр салмақтан жарысқа түскен спорт қырандары боз кілем үстінде жанкүйерлердің делебезесін қоздыратындай әдемі әдіс-тәсілдер көрсетіп, көрермендердің көңілінен шықты.

Өсіресе, 62 салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Астана қаласы оқу орталығының балуаны Архат Байдарбековтың жауынгерлік самбодан қарсыласына дес бермей, жеңіске жеткені барша көрмендерді қатты таң қалдырды. Төрешілерден әділ бағасын алып, жеңіске жетіп, өз салмығында жеңімпаз атанды. Архаттан басқа да спортшылар өте тамаша өнер көрсете білді. Тіпті Қостанай академиясының атынан шыққан 90-нан жоғары салмақ



дәрежесінде бірінші курс курсанты Жан Сәбитті ерекше атап өтуге болады. Өйткені қарсыласының салған әдісіне қарсы өз әдісін қолданып, қарсыласының жауырынын жер қаптырып, күресті сүйсіне қарап отырған Академия басшыларын және төрде отырған құрметті қонақтарды риза қылып, спорт кешенін жанкүйерлердің шапалақтары бір шулатып тастады.

Жарыс соңында жеңімпаздар марапатталып, жарыстың өтуіне ат салысқан Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов Қазақстан Республикасы ІІМ полиция генерал-полковнигі, «Динамо» дене шынықтыру – спорт қоғамы орталық кеңесінің төрағасы Қ. Қасымовтың «Динамолық» қозғалысты дамытуға сіңірген еңбегі үшін орденмен марапатталды. Және де республикалық жарыстың өтуіне маңдай терін сіңірген

академияның қос қызметкері полиция подполковнигі Бағдат Өтенов пен полиция подполковнигі Руслан Таңқыбаевқа «Динамо» ДСҚ қоғамдық бірлестігінің «Самбо күресін дамытуға қосқан үлесі үшін» грамотасы табысталды.

Жарыс соңында жеңімпаздарға естелік кубоктар беріліп, марапаттау грамоталары табысталды.

Жалпы жарыста команда бойынша 1-ші орынды Қостанай академиясы, 2-ші орынды Алматы академиясы, 3-ші орынды Қарағанды академиясы, ал 4-ші орынды ҚР Ұлттық Ұланы жеңіп алды.

**Мейрам ОСПАНОВ,**  
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының баспасөз хатшысы

**Суреттерді түсірген С. КАМАЛОВ**

## Сындарлы саясаттың бағдары

**Елбасымыздың биылғы Жолдауы тұңғыш рет жазбаша түрде жарияланды. Бұл 1997 жылдан бастау Елбасының халқына арнаған жиырма бірінші стратегиялық Жолдауы болып табылады. Биылғы Жолдау Қазақстанның үшінші жаңғыруына арналды.**

Негізінде, биылғы жылы қазақстандықтар үшін Жолдау тек жазбаша түрінде жарияланғанымен ғана емес, Елбасының алдымен халыққа Үндеуімен де ерекшеленді. Елбасымыздың Үндеуінде айтылған өзгерістерге келетін болсақ, біріншіден, бұл еліміздегі демократиялық дамудың әрі қарай жалғасын тапқандығын көрсетеді. Екіншіден, бұл саяси биліктегі екі негізгі тармақтың Үкіметтің және Парламенттің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, үшіншіден, бұл Үкіметтің де Парламенттің де жұмысының кәсібилігін олардың жауапкершілігін, елдің саяси экономикалық дамуындағы жауапкершілігін арттыруға, сонымен қатар тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Бұл реформалардың халықтық талқыға салынуы негізінен биліктің ашықтық принципі, әрбір бастаманы халықпен бірлесіп талқылауға дайындығын көрсетеді. Сонымен қатар бұл талқылау азаматтық қоғамның қатысуында қажет етеді. Яғни, әрбір топ бұл талқылауға белсенді қатысып, өзінің пікірін білдірсе, бұл қоғамдағы азаматтық сезімнің артаңдығын көрсетеді. Президенттің өзі бүгінгі әлемнің өзгергенін, қазіргі заманның дидары басқаша болып отырғанын айтып отыр. Ал мұндай өзгерістер дүниежүзінде өріс алды және біздің елді де қамтыды. Осыған сәйкес Отанымыз дәстүрлі қоғамнан гуманистік қоғамға қарай бет бұрды. Бұндай ерекшелік

Үндеуде баса айтылды.

Бұл Жолдаудың ерекшелігі, Президент өз Жолдауында жаңғыртудың үшінші кезеңін көшетінін мәлімдеген болатын. Бұл дегеніміз не? Егерде біз Тәуелсіздік алғаннан бері экономикамызды құру үшін жаңа институттар, жаңа бағдарламалар әзірлеген болсақ, енді біз жаһандық экономиканың қауіп-қатерлеріне жауап беру үшін жаңа экономикалық модельді ойлап табуымыз қажет. Және осы модель жаңғыртудың үшінші кезеңіне сайма-сай келеді және көптеген салаларды қамтитын болады. Елбасымыз бүгінгі күннің өзекті мәселелерін қозғап, алдағы бағыттарымызды айқындады. Осыған орай, Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырамын» деген Елбасы инновациялық біліктілікке баса назар аударылатынын жеткізді. Төртінші басымдық ретінде аталған «Адами капитал сапасын жақсарту» бөлімінде «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Өйткені, кез келген елдің болашағы, жалпы білім берудің деңгейіне байланысты болады. Ол үшін бірінші кезекте білім беру жүйесінің рөлін өзгертуіміз керек. Қазіргі кезде ақпараттың 90% ағылшын тілінде берудің деңгейіне байланысты болады. Ол үшін бірінші кезекте білім беру жүйесінің рөлін өзгертуіміз керек. Қазіргі кезде ақпараттың 90% ағылшын тілінде берудің деңгейіне байланысты болады. Ол үшін бірінші кезекте білім беру жүйесінің рөлін өзгертуіміз керек. Қазіргі кезде ақпараттың 90% ағылшын тілінде берудің деңгейіне байланысты болады.

Сонымен қатар жаңаша ойлау туралы білімді ұсыну мен өңдеу – инновациялық қоғам үшін аса маңызды екені анық. Сондықтан Елбасының биылғы Жолдауы бұған дейін жасалған 5 жалпы халықтық реформасы мен дамыған елдердің қатарына жету бағытындағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асырудың айқын тетіктері екенін астарсыз-ақ түсінуге болады.

Жастар, сондай-ақ кәсіптік білімі жоқ ересек адамдар қамтылуы тиіс екендігі айтылды.

Жастар – біздің болашағымыз. Елбасымыз әсіресе жастар мәселесіне көп көңіл бөлетінін біз жақсы білеміз. Елбасының жариялаған жаңа саяси және экономикалық бағыт, біріншіден, жақсы білім беруді заманауи лайықты болашақ жасауды көздейді. Оқыту бағдарламаларыңыз ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлт жаңдылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажет», – деген Мемлекет басшысы үштілді білім беру туралы айтып, оның ішінде ана тіліміздің рөліне тоқталады. Қазақ тілінің басымдығы сақталып, оны дамытуға зор көңіл бөлінетіндігі көңілдегі күдікті сейілтері айқын.

Сонымен қатар жаңаша ойлау туралы білімді ұсыну мен өңдеу – инновациялық қоғам үшін аса маңызды екені анық. Сондықтан Елбасының биылғы Жолдауы бұған дейін жасалған 5 жалпы халықтық реформасы мен дамыған елдердің қатарына жету бағытындағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асырудың айқын тетіктері екенін астарсыз-ақ түсінуге болады.

Қазақстанның үшінші жаңғыруының шешуші басымдықтарының бірі экономиканы жедел технологиялық жаңарту болып табылады, сол үшін Елбасымыз бизнес үшін барлық ықтимал шығындарды төмендетіп, мемлекеттік-жекелік әріптестігін дамытқан жөн екендігін атап көрсетті. Яғни, енді әрбір азамат үшін өз жағдайын жасап, бизнес жасауға, сол арқылы еліміздің өркендеуіне

өз үлесін қосуына кедергілер жоқ. Елбасымыздың айтуынша, стратегиялық мақсатымыздың бірі – шағын және орта бизнестің елдің ішкі өніміндегі үлесін 2050 жылға қарай кем дегенде 50% болуын қамтамасыз ету керек. Оны орындау үшін Президентіміз бірнеше қадамдарды атап көрсетті.

Президентіміз биыл білім берумен қатар, денсаулық сақтау жүйесінде өзгеруі тиіс екендігін сөз етті. 1 шілдеден бастап міндетті медициналық сақтандыру жүйесі енгізіледі. Бұл жүйенің енгізілуі, әуелі, еліміздің әлеуметтік әлсіз топтарының қатысуына мемлекеттік қолдау көрсетілетіндігімен оң шешім болып табылады.

Жолдауда айтылған адами капиталдың сапасын жақсарту басымдығының тағы бір қадамы ол – әлеуметтік қамтамасыз ету саласына байланысты. Елбасымыз биыл да зейнеткерлер мен әлеуметтік жәрдемақы алушыларды өз назарынан тыс қалдырған жоқ. 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап зейнетақы 20%-ға дейін арттырылса, бала туғанда берілетін бір реттік жәрдем ақы мөлшері де 20%-ға дейін көбейеді.

Жолдаудың тағы бір басымдығы – ол институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлық пен күреске қатысты. Сонымен қатар, Елбасымыз тек Қазақстанның емес, бүкіл әлемнің елдеріндегі белең алған дерт – сыбайлас жемқорлық пен күрестің де жолдарын атап көрсетті. Яғни, сыбайлас жемқорлық көріністерінің салдарымен емес, бастапқы себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту керектігін айтты.

Сонымен қатар Президент халқына Жолдауда діни

экстремизмді насихаттаудың алдын алу, әсіресе интернет пен әлеуметтік желіде оның жолын кесу жұмысын жүргізу керектігін, қоғамда радикалды көзқарасқа байланысты кез келген іс-әрекетке «мүлдем төзбеушілікті» қалыптастыру керектігін айтты.

Ұлт көшбасшысы Жолдауында қайнаған тіршіліктің бәрі елдің күре жолына қатысты екенін баса айтты. Өйткені жолдардың дамуы тіршілік пен тығыз, тікелей байланысты. Бәсекелестік кеңістікте жолдары дамыған ел ғана алдыңғы орынға шығатынына көзіміз жетті. «Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі», – деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. - Барлық аймақтар темір жолмен, тас жолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек. Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамырға айналуы тиіс.

Қорыта айтатын болсақ, Президенттің Жолдауы ертеңгі күнге сенімділік кепілі, қойылған міндеттерді орындау барлық Қазақстан азаматтарының әлауқатын жақсартуға мүмкіндік береді, халықаралық деңгейде мемлекеттің рөлін арттырады деген сенімдеміз.

Елбасымыздың жылдағы Жолдауы әрқашанда Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қызметкерлері мен курсанттары арасында әрдайым барынша насихатталып, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп тұрады. Биылғы Жолдауда өз деңгейінде әлі күнге дейін насихатталып, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

**А. БАЗАРБАЕВ,**  
полиция полковнигі,  
**Қ. БЕЙСЕН,**  
полиция майоры



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫНАН ХАБАРЛАЙДЫ:**



## Аруымыз сенімді ақтады

Сәуірдің 13 – 15 аралығында Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті кезекті Қазақстан Республикасының IV-ші Жастар спорттық ойындарын өткізді.

Бұл чемпионатқа Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 1-курскурсанты Алимбаева Миргуль 48 келі салмақ дәрежесінде

самбо күресінен қатысып, Академия және облыс намысын қорғады. ЖҚДД кафедрасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Бағдат Өтепов және аға оқытушысы полиция подполковнигі Руслан Таңқыбаев жаттықтыратын бұл аруымыз өзінің күшін тағы да көрсете білді.

Бұл чемпионатта да әдеттегідей қарсылас шақ келтірмей алдынан шықпанның алдын орап, артында шаң қаптыра қалдыра берді. Осы қарқынымен қарсыластарына қауқар танытпай ақтық сығға дейін жетіп, нәтижесінде азулы қарсыласына ұпай санымен

есе жіберді. Дегенмен күміс жүлдегер атанып, 2017 жылғы қыркүйек айында Түркістан елінің Ашхабад қаласында өтетін Азия ойындарына жолдама алды. Осылайша аруымыз Академиямыздың абыройын, намысын лайықты түрде қорғай білді.

Біз әрқашан да спортшыларымызға сенім артамыз, және де олар сенімімізді әрдайым ақтай біледі деген сенімдеміз. Қазақ спортының болашағы жарқын ері жемісті болғай.

**Академияның баспасөз қызметі**

## «Мен білемін!» брейн-рингі

Өткен сәрсенбіде мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушылары, полиция подполковнигі Г.М. Цой мен полиция майоры А.Б. Ақылбекова Академияның 1-дәріс залында кафедра апталығы аясында Қазақстан полициясының 25 жылдығына арналған «Мен білемін!» атты брейн-ринг өткізді.

Мақсаты: адамның құқықтары мен бостандықтар, құқықтық нормалар, мемлекет институттар мен азаматтық қоғам туралы өздерінің ойларын толық жеткізуін біліп, құрметтеуін тәрбиелеу.

Брейн-ринг төрт тур арқылы өтті: 1-ші тур – Мемлекет және құқық теориясы бойынша «Білімдермен таңғалдыру», 2-ші тур - Қазақстан Республикасының конституциялық құқығынан «Білімдерін тексеру», 3-ші тур - Қазақстан Республикасының азаматтық құқығынан «Білімдерін көрсету», 4-ші тур - әр түрлі құқықтық салалар бойынша «Біз бәрі білеміз».

Әділқазылар алқасы: күндізгі оқу факультетінің аға оқытушы-методисті, полиция майоры А.Т. Дошанова, оқыту сапасының мониторингі және инновациялық технологияларды еңгізу бөлімшесінің инспекторы М.Б. Азирханова, 2-курс магистранты, полиция аға лейтенанты С.М. Есимова.

Брейн-ринг барысында курсанттар белсенді қатысып, өздерінің құқық саласында білімдерін жоғары дәрежеде көрсетті.

Әділқазылар алқасының қорытындысы бойынша 1 дәрежелі дипломымен 3-курс «Заңгер» командасы, 2-ші дәрежелі 2-курс «Фаворит» командасы, 3-ші дәрежелі дипломымен 2-курс «Заң және тәртіп» атты командасы марапатталды. Брейн-ринг сайысының «Ең белсенді қатысушысы» 2-курс курсанты Қ. Жолдыбай, «Ең үздік команда капитаны» 3-курс курсанты Т. Шемет грамоталарымен марапатталды.

**Г. ЦОЙ,**  
Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі

## Практикалық қызметкермен кездесу

Өткен айдың соңғы күнінде кураторлық сағат барысында 2-курстың 214-оқу тобының кураторы полиция капитаны Примкулова А. екеуіміз оқу орны түлектерінің кәсіби және коммуникативтік қасиеттеріне қойылатын талаптар туралы ақпарат беру мақсатында практикалық қызметкермен кездесу ұйымдастырдық.

Кездесуге практикалық қызметкер – Академияның Біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының тыңдаушысы Қарағанды облысы бойынша ҚАЖД

АК-159/9 мекемесінің сотталғандармен тәрбие жұмысы бөлімінің жасақ бастығы әділет аға лейтенанты Киселёва Е.В. шақырылды.

Әңгіме барысында практикалық қызметкер қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі жұмыстың ерекшеліктері туралы айтып берді, өзінің тәжірибесіндегі болған қызықты жайттарды келтірді, оқудың теориялық бағытына үлкен мән беріп, түсініп, нақты білім алуға назар аудару керектігін айтты, сонымен қатар ширақ қимылдау, жауапкершілік, белсенділік сияқты қасиеттерді осы кезден қалыптастыруды бастау керектігін

ескертті, өзіндік білім алуға бейімділікті дамытудың өте маңызды екендігін сөз етті.

Кездесу еркін түрде өткізілді, курсанттар өздерін қызықтыратын сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды. Практикалық қызметкер мен курсанттардың осындай кездесулерінің оқуға және арнайы кәсіби пәндерге қызығушылығын арттыруға, білім сапасын жақсартуға үлкен әсер ететіндігінде күмәніміз жоқ.

**Д. РЕНОВА,**  
2-курс магистранты  
әділет аға лейтенанты

## Еліміздің ертеңгі бағыт-бағдары айқындалған

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы курсанттар арасында талқыланды.

2017 жылдың 18 сәуірінде әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция капитаны Б. Алпеисов 2-курс курсанттарына Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласымен таныстырды.

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы стратегиялық маңызға ие, жасампаз халқымыздың жарқын болашағын айқындайтын ой-толғам. Президент өз мақаласында қазақ халқы, жалпы қоғамымыз қалай ілгерілеуі керек деген күрделі мәселелерді көтерді. Атап айту керек, бұл мақала зиялы қауым өкілдерін бей-жай қалдырған жоқ. Көтерілген

мәселелерде еліміздің ертеңгі бағыт-бағдары айқындалған.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев мақаласының тарихи мәні саяси реформа мен экономикалық жаңғыру бағдарламасын қазақстандық қоғамды және әр қазақстандықты рухани жаңғырту арқылы жалғастырады. Тек жоғары білімді және рухани бай халық қана сыртқы әсерлерді дұрыс

қабылдап, оған жауап бере алады. Сондықтанда мақала қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық жобалар ретінде бірқатар шаралардан тұратыны өте маңызды. Ұлт көшбасшысы атап көрсеткен бұл шаралар еліміздің дамудың жаңа деңгейіне көтерілуіне өз септігін тигізетініне сенімдіміз.

**Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы**

## Тәуліктік наряд нұсқаулығы

Әр күн сайын Академиямызда тәуліктік наряд ауысып, өз міндеттерін атқарады. Тәуліктік нарядтың маңыздылығымен жауапкершілі өте жоғары.

Сондықтанда әр курсант нарядқа немқұрайлы қарамауы тиіс. Олар нарядқа алдын-ала дайындалып қызметке кірісуге



толығымен дайын болуы керек.

Әрине оларға дайындалуға арнайы уақыт бөлінеді. Осы уақыттың ішінде олар өз-өздері қалыпқа келтіріп, барлық керек құрал-жабдықпен заттарды дайындаулары қарастырылады.

Нарядтық таралымның алдында әрбір курстағы жауапты офицер тәуліктік нарядқа нұсқаулық жүргізеді. 1-курста тәуліктік нарядқа нұсқаулық жүргізу курс бастығының орынбасарлары үшін маңызды. Олар нұсқаулық кезінде курсанттарда кемшіліктер болмауын қадағалап, олардың тәуліктік наряд кезіндегі міндеттерін түсіндіріп, алдағы атқаратын істерін нақты жеткізеді.

2017 жылдың 19 сәуірінде 1-курс бастығының орынбасары полиция капитаны О. Жанузаков ашық тәуліктік нарядтың нұсқаулығын өткізді. 1-курс курсанттарын әрқашанда нарядқа салмақты қарауға және нұсқаулыққа



толығымен дайын келуді талап етті. Арнайы өткізген бұл нұсқаулықтан кейін полиция капитаны О. Жанузаков 1-курс курсанттарының алдағы кездері тәуліктік нарядқа деген жауапкершіліктері артады деген сенімде.

**Д. ӘДІЛДӘБЕКОВ,**  
1-курс курсанты

## Ерікті - ол кім?

2017 жылдың 18 сәуір күні «Қостанай облысы психологтар қауымдастығы» қоғамдық қоры Қостанай облысы өкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде жастар арасында діни экстремизмді, теріс ағымдардың алдын алуға бағытталған жобаны жүзеге асыру жөнінде кездесу ұйымдастырды.

Қостанайдағы А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, ҚМПИ, З.Алдамжаров атындағы ҚӨТУ, ЧелГУ сияқты ЖОО-мен бірлесіп еріктілер тобы құрылды, оның ішінде ҚР ИІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясынан мен жетекшілік жасайтын КОФ 1-2 курс курсанттары да бар. Академия еріктілері тек қана Қазақстан аумағындағы емес, сонымен қатар бүкіл әлемдегі тыйым салынған дәстүрлі емес секталарды зерттейді.

Бұл клуб өз курсанттарын алдағы уақытта мұндай қызметке араласпауларын ескерту мақсатында құрылды.

Волонтер клубының бағдарламасымен үш ай ішінде сарапшы және теологтармен бірнеше кездесулер, дәрістер және тренингтер өткізу жоспарлануда.

Еріктілер клубының бірінші кездесуі қатысушыларын таныстыру түрінде өткізілді. Бұл іс-шараның мақсаты жастар арасында діни экстремизм мен теріс діни ағымдардың алдын алу. Еріктілер – қызметінің мүмкіндіктеріне мысалдар келтіріп талқылады. Кездесу барысында Ерікті-ол кім? Еріктілер жұмысының негізі неде? Еріктілер өз алдына қандай тапсырмаларды ұсынады? дегендей мәселелер талқыланды.

Қазіргі кезде дүниежүзіндегі экстремизмдік фактілер мен қоғамға деген қауіптің жиі болуына байланысты, осы бағыттағы елге қызмет ететін еріктілердің болуы, әрине, құптарлық деп санаймыз.

Осы орайда аталмыш іс шараны ұйымдастырушыларға алғыс білдіріміз келеді. Ал замандас-құрдастарымызды экстремизмге қарсы тұрып, мейірімділік жағына шығуға шақырамыз!

**З. АБЫЛХАСЕНОВА,**  
Тәрбие жұмысы бөлімінің инспектор-психологі



## Академияда кәсіби шеберлік сайысы өтті

Биыл ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін мерейтойлы жыл – Қазақстан полициясының құрылғанына 25 жыл толады.

Республика бойынша аталған мерейтойға арналған іс-шаралар өтіп жатыр. Қостанай академиясында да беделін көтеруге арналған 100 түрлі іс-шаралар – ІІО ардагерлерімен кездесулер, дөңгелек үстелдер, дебаттық турнирлар, спорттық сайыстар жоспарланған.

Қазақстан полициясының 25 жылдығына арналған біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының арасында кәсіби шеберлік сайысы өткізілді. Сайыстың өткізілуіне Академия бастығы Қызылов Мирлан Ахмедияұлы бастамашыл болды.

Өткізілген сайыс біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушыларын кәсіби даярлауды жетілдіру формаларының бірі, сонымен қатар өзінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қажетті білім, ептілік пен шеберліктерін бағалау болып табылады.

Пробация қызметінің қызметкерлері Кәсіби шеберлік сайысы туралы ережеге сәйкес 5 кезеңнен өтті: Қазақстан Республикасы дамуының негізгі кезеңдеріне қатысты, ҚР ІІМ нормативтік құқықтық актілерін, қолданыстағы заңнаманың өзгертулері мен толықтыруларын есепке ала отырып, құқық қолдану қызметін жетілдіру сұрақтарын білуі; Макаров (МТ) тапаншасының материалдық бөлігін білуі мен



атыс даярлығының тәжірибелік бөлімін орындауы; дене шынықтыру дайындығының деңгейін анықтау; біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушыларымен модельденген тәжірибелік жағдайлық тапсырмаларды талқылау.

Апта бойына тыңдаушылар күн сайын сайыстың кезеңдерінен өтті. Жеңістеріне қуанып, сәтсіздіктеріне мұңайды. Өткізілген іс-шаралар қорытындысы ең үздік қызметкерлерді грамоталармен, алғыс хаттармен және сыйлықтармен марапаттау болды. Кәсіби шеберлік сайысының кезеңдеріне белсене қатысқандары және көрсеткен жоғары нәтижелері үшін Грамотамен марапатталды: «Тыңдаушыларды Қазақстан Республикасы дамуының негізгі кезеңдеріне қатысты, ҚР ІІМ нормативтік құқықтық актілерін, қолданыстағы заңнаманың

өзгертулері мен толықтыруларын есепке ала отырып, құқық қолдану қызметін жетілдіру сұрақтарын білуіне тестілеу» кезеңі:

- Қостанай облысы бойынша ҚАЖД Қарабалық аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы, әділет капитаны Медыбаева Анара Есентасқызы;

- Қостанай облысы бойынша ҚАЖД Ұзынкөл аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы, әділет капитаны Шаймерденов Сағындық Галиханович.

«Макаров (МТ) тапаншасының материалдық бөлігін білуіне біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушыларын тестілеу; Атыс даярлығының тәжірибелік бөлімін біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушыларының орындауы» кезеңі:

- Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД Семей қ. Әуезов

аудандық пробация қызметінің аға инспекторы, әділет капитаны Аринов Жасулан Кахарманұлы;

- Қостанай облысы бойынша ҚАЖД Қарабалық аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы, әділет капитаны Медыбаева Анара Есентасқызы;

- Қостанай облысы бойынша ҚАЖД Ұзынкөл аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы, әділет капитаны Шаймерденов Сағындық Галиханович.

«Біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының дене шынықтыру дайындығының деңгейін анықтау» кезеңі:

- Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД Аққайың аудандық пробация қызметі бөлімшесінің инспекторы, әділет аға лейтенанты Есмағұлов Қанат Балтабайұлы;

- Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД пробация қызметінің аға инспекторы, әділет капитаны Мусатаева Кира Равильевна.

Кәсіби шеберлік сайысындағы жоғары көрсеткіштері үшін Грамотамен және сыйлықтармен марапатталды:

I орынға ие болған – Қостанай облысы бойынша ҚАЖД Қарабалық аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы, әділет капитаны Медыбаева Анара Есентасқызы;

II орынға ие болған – Қостанай облысы бойынша ҚАЖД Ұзынкөл аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы, әділет капитаны Шаймерденов Сағындық Галиханович;

III орынға ие болған – Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД пробация қызметінің аға

инспекторы, әділет капитаны Мусатаева Кира Равильевна.

Академияның қоғамдық өміріне белсене қатысқаны және оқытудың тәжірибелік бағытында сабаққа қатысқаны үшін біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарының тыңдаушылары алғыс хатпен марапатталды:

- Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖД Қобды аудандық пробация қызметі бөлімінің инспекторы, әділет аға лейтенанты Алтыбаев Алмат Салауатұлы;

- Қостанай облысы бойынша ҚАЖД Қарабалық аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы, әділет капитаны Медыбаева Анара Есентасқызы;

- Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД пробация қызметінің аға инспекторы, әділет капитаны Мусатаева Кира Равильевна.

Өткізілген кәсіби шеберлік сайысы тыңдаушылардың әрдайым біліктіліктерін арттыруына қызығушылықтарын ынталандыру, теориялық білімдерін жаңарту мен тәжірибелік шеберліктерін шыңдау мақсатына жетті.

Академия қызметкерлерінің қызметі мен өткізілген кәсіби шеберлік сайысының бағасы біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушыларының: «Сіздерге рахмет. Сіздер нағыз мамандарсыздар!» деген сөздері болды.

**Г. ЖАНДАРБЕКОВА,  
Б. НУРКИНА,  
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев ат.  
академиясының  
Біліктілікті арттыру және  
қайта даярлық институты**

## Спортшы болу - өрт сөндірушіге қажетті қасиет

Өртті кез-келген адам сөндіре алмайды. От дегеніміз ойда жоқта пайда болатын апат, ол өзін ауыздықтаушыдан жоғары моральды дайындықты, батырлық күшті, шапшаң әрекетті, ептілік пен икемділікті талап етеді.

Өрттен-құтқару спорты бойынша жаттықтырушылар нақ осы қасиеттерді өз шәкірттерінің бойына сіңіреді. Бұл спорттың барлық элементтері шынайы өмірден алынған. Бұл спортта жеңіл атлеттің жылдамдығы, штангисттің күші және гимнасттың икемділігі үйлесім тапқан. Өртсөндірушікедергінің неғұрлым тез басып өтсе соғұрлым өртті ойдағыдай сөндіреді, сатыдан неғұрлым тез көтерілсе соғұрлым тез жоя алады. Ал рух күші мен өзін-өзі меңгеру құтқарушыға отпен қауіпті күрес кезінде ойының нақты болуына және іс-әрекетінің нық болуына көмектеседі. Күні кеше ғана өрттен-құтқару спортында тек қана ерлер жарысатын, ал қазіргі таңда нәзік жандар да оларға еш дос бермей, кедергілер жолағын еш қиындықсыз өтіп жүр. Алматы Галия және Бугатаева Диана жүгіріс жолында бір-біріне қарсылас болып келеді, ал өмірде бірін-бірі ертеден білетін ажыраспас құрбылар және екеуі де өрттен-құтқару



спорттың таңдап алған.

Барлығының қалай басталғандығы туралы Галияның айтқаны: «Барлығы да спортқа деген қарапайым қызығушылықтан басталды, өйткені мен кішкене кезімнен жеңіл атлетикамен айналыстым. Өртке қарсы қызметінде жұмыс істей жүріп бір күні маған шабуыл сатысына көтерілу туралы ұсыныс жасалды, мен өте толқыдым және оның өте қиын екенін де білдім, алайда маған бұл спорт түрі өте ұнап қалды, өйткені бұнда икемділік, жылдамдық және мықтылық сияқты қасиеттерді адам бойында шындай түседі». Оның құрбысы Дианада барлығы басқаша болды: «өрттен-құтқару спортына мені көршім Руслан Сарсембаев шақырды, мен байқап көруді шештім және бұл

спортқа мен бел шеше барлық жан-тәніммен еніп кеттім, өйткені бұл жерде тек қарап қана қоймай онымен айналысу да керек».

Олар үшін әрбір жарыс жолы үлкен бір толқыныс үстінде өтеді, өйткені оның артында үлкен жауапкершілік бар. Алайда олар әрбір мөреге шыққан сайын толқыныс жоғалып кетеді де оларда үлкен жауапкершілік пайда болады. 2015 жылы Өскемен қаласында өткен ӨҚС бойынша жазғы чемпионатта Қостанай облысының командасы 10 команданың ішінде жалпы есепте төртінші орынды иеленді – бұл дегеніміз үлкен ілгерілеу. Бұл команда үшін

үлкен жетістік және жақсы көрсеткіш. Бұдан әрі олар жеңіске жету үшін барлық күш-жігерлерін аямай сарп етері сөзсіз.

Жарысбағдарламасы төрт түрден тұрады: 1) шабуыл сатысы арқылы жаттығу мұнарасының 4-ші қабатына көтерілу, 2) кедергілері бар 100 метрлік жолақты басып өту, 3) өрт эстафетасы, ол 100 метр бойынша төрт кезеңнен тұрады. Команданың әр спортшысы эстафеталық жүгірісте тек қана бір кезеңді жүгіріп өтуге хақы бар. Эстафетаның таяқшасы болып өрт сөндіру оқпаны соңғы спортшысы оқпанмен мөре сызығын кесіп өтуі тиіс, 4) жауынгерлік қанат жайылдыру. Спортшыларды дайындау оқу мұнарасы

және 100 метрлік жолағы бар өрт сөндіру бөлімінде өтеді сондай-ақ стадионда эстафета және жауынгерлік қанат жайылдыру пысықталады.

Қыздар ӨҚҚ бойынша ерлер командасының намысын ғана қорғап қоймай болашақ чемпиондарды тәрбиелеп жүрген Алматы Ерубаевтың жетекшілік етуімен жаттығу жасап жүр. «Диана мен Галия өте талантты және ынталы қыздар, қазіргі уақытта біз үстеміздегі жылдың 29 мамыры мен 2 маусымы аралығында Шымкент қаласында өтетін Қазақстан Республикасының Федерациясы Кубогына дайындалып жатырмыз. Бізді алда көптеген жарыстар күтіп тұр. Қазіргі уақытта Қазақстаннан басқа ең мықты елдер болып Ресей, Беларусь, Украина және Чехия саналады. Алайда өрттен-құтқару спорты күннен-күнге өркендеп жатқанын айта кеткен жөн. Ол өзiрге жалпы әлемдік болып саналмайды. Барлық күш-жігерімізді саламыз және тек қана жеңіске ұмтыламыз! Бізде оған деген барлық мүмкіндіктер бар» дейді ол.

Өрт-қолданбалы спортымен 10-11 жастан бастап айналысуға болады, алдағы өмірде дағдылар өз кәсібін таңдауға қажет болып,

болашақ құтқарушы болуға өз көмегін тигізеді. Дайындықтың бастапқы кезеңінде бұдан әрі спортшыға қажетті қасиеттерді дамыту үшін жалпы физикалық дайындық керек.

Өрт-қолданбалы спортымен айналысуды жаңа ғана бастаған спортшыға айтылар кеңес «Ешқашан берілмеу, жеңіске деген күш-жігерге ие болу, шыдамдылық және табандылық. Әрине алғашында қиын, алайда бой үйретіп алғаннан кейін сенің осп спортқа деген құштарлығың арта түседі, үздік және мықты бола түскен келеді, және өз-өзіңе деген сенімділік, мақтанш сезімі бой алдырады. Ең бастысы ешқашан жалқаулыққа жол бермеу!»

Қостанай облысының ӨҚС бойынша қыздар құрама командасының үздіктері өздерін өрттен-құтқару спортында шыңдап көргісі келетін барлық қыздарды өздерінің тату командасына шақырады және дағдыларды меңгеру барысында барлық жағынан да көмек көрсететіндіктерін жеткізеді.

Қыздардың алдағы уақыттағы жоспары жаттығу, жаттығу және тағы да жаттығу, біз сіздерден жоғары жетістіктер мен жеңіс қана күтеміз құрметті спортшылар!

**«Қостанай облысы  
ТЖД Өрт сөндіру және  
авариялық-құтқару  
жұмыстары қызметі»  
ІІМ баспасөз қызметі**





## Медиацияның қолданылуы маңызды

**Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды.**

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі болып табылады. Медиатор – «Медиация туралы» Заңның талаптарына сәйкес кәсіби және кәсіби емес негізде медиация жүргізу үшін тараптар тартатын тәуелсіз жеке тұлға.

Азаматтық істі сотта қарағанға дейін жасалған дауды (дау-шарды) реттеу туралы келісім тараптардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған мәмілені білдіреді. Азаматтық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дауды (дау-шарды)

реттеу туралы келісім дереу іс жүргізуінде азаматтық іс жатқан судьяға жіберіледі. Дауды реттеу туралы келісімді сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексіне (бұдан әрі - ҚР АПК) көзделген тәртіппен бекітеді. Бұл ретте төленген мемлекеттік баж ҚР АПК көзделген тәртіппен төлеушіге қайтарылады.

Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев берген тапсырмасын жүзеге асыру үшін медиацияны қолдану салаларын одан әрі кеңейту мақсатында жеке санаттағы дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейін реттеу міндеттілігі бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты пилоттық жобаны іске қосты.

Даулардың (жанжалдардың) жекелеген санаттарын медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді азаматтық сот ісін жүргізуге енгізу мақсатында, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот төрағасының 2017 жылғы 26 қаңтарындағы өкімімен бекітілген «Даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейін реттеуді енгізу бойынша

пилоттық жобасы» отандық сот жүйесімен іске асырылуда. Осы жобаның ережесі Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексіне және «Медиация туралы» ҚР Заңына әзірленген және оның мақсаттарын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

Жоба шеңберінде баланың мүдделеріне байланысты, мұрагерлік, некені бұзу және мүлкті бөлу даулары, пәтерден шығару және кондоминиум басқару мәселелері, қарыз шарттарға қатысты, кейбір еңбек даулары және т.б. санаттағы даулар (жанжалдар) бойынша медиацияны міндетті түрде жүргізу қамтылатын болады.

Пилоттық жоба кәсіпкерлікке мамандандырылған ауданаралық, мамандандырылған ауданаралық экономикалық және азаматтық істерді қарайтын аудандық және оларға теңестірілген соттар мен барлық медиаторлармен жүзеге асырылады.

Судья өтініш келіп түскен кезде ҚР АПК-нің 165-бабының 16) тармақшасына сәйкес тараптарға хабарлама жібереді, соның ішінде мыналар көрсетіледі:

- тараптардың істі дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқтау құқығы;

- дауды (жанжалды) медиация тәртібімен шешудің басымдықтары туралы;

- пилоттық жобаға қатысу бойынша өз ұстанымдарын жазбаша түрде білдіру қажеттілігі және медиатормен медиация жүргізу туралы тараптардың жасалған жазбаша келісімімен 5 (бес) күннің ішінде сотқа ұсыну туралы;

- пилоттық жобаға қатысудан бас тартқан жағдайда тараптардың бұл туралы жазбаша өтінішін сотқа жіберу және істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымда баяндалған іс-әрекеттерді орындауға кірісу қажеттілігі туралы;

- кәсіби және кәсіби емес медиаторлар тізімдері туралы;

- медиация кабинеттері туралы ақпарат беріледі.

Медиатор медиацияны жүргізу туралы өтінішхатты берген және тараптардың медиатормен жасасқан шарты соттарға ұсынылған жағдайда іс бойынша іс жүргізу ҚР АПК-нің 272-бабының 7) тармақшасына сәйкес 10 (он)

жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады. Тараптар медиацияны судья өткізетіндігі туралы өтінішхатты берген кезде, медиация 10 (он) жұмыс күн ішінде жүргізіледі.

Тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеп, келісімге келген жағдайда, іс жүргізуіндегі іс бойынша судья дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту туралы және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Осы ұйғарымда мемлекеттік бажды қайтару туралы көрсетеді.

Тараптар медиацияны жүргізуден бас тартқан жағдайда судья істі соттың талқылауына дайындауды ҚР АПК-нің 165-бабында белгіленген тәртіпте жүргізеді.

Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу, созбалаңға салынған тараптардың уақыты мен қаражаттарын үнемдеуге арналған ең басты құрал ретінде тиімді екені сөзсіз.

**Нурбол МҰҚАНОВ,**  
**Қостанай облысы**  
**Денисов аудандық**  
**сотының судьясы**

## Қамқорлық көмек

**Жақында ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 307-оқу тобының курсанттары бүгінде шын мәнінде қамқорлыққа мұқтаж «Дельфин» бөбектер үйінің балаларына көмек көрсетуге бел байлады.**

Ең бастысы, осындай тағдыр төлкегіне түскен сәбилерімізге моральдық көмек көрсету. Мұндай



қайырымдылық акциялары біздің курсанттар үшін әдеттегі құбылыс. Олар Бөбектер үйінің аумағында тазалық орнатып, шын ниетпен жұмыс жасап, сонымен қатар балалардың көңілін де аулай білді.

«Дельфин» балалар үйінің балаларына әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсету арқылы біз курсанттарымызды тек заңды білу мен қолдануға ғана емес, сонымен қатар қамқорлық пен



мейірімділікке және қайтарымсыз жақсылық жасауға тәрбиелейміз. Болашақ полиция офицерлерін патриоттық тәрбиелеудің негізгі бағыттарының бірі де осы болады.

«Дельфин» балалар үйінің

ұжымы Академия курсанттарына көмек және тығыз қарым-қатынаста әріптестік танытқаны үшін алғыс білдірді.

**Қуаныш ТУРЕТАЕВ,**  
**307-оқу тобының кураторы**

## Алғыс білдірілген хат

**Қостанай облысы бойынша ҚАЖД бастығының атына сотталған Бекболат Мырзахметович Хасенғалиевтен УК – 161/12 мекемесінің медициналық бөлімінің қызметкерлерінің жұмысын адал атқарғаны үшін алғыс білдіру мақсатында хат түсті.**

Сотталған Б.М. Хасенғалиев УК – 161/12 мекемесінде жазасын өтеуде. Ол өзінің хатында медициналық бөлім қызметкерлеріне (медициналық бөлімінің бастығы Исмағанбетова Гульбағираш, фельдшер Шарменов Ерсин, фельдшер Байгереева Гулжанат, медбике Кылышбаева Акмарал) сыпайлықтары және ұқыптылықтары мен ілтипатты қарым-қатынастары үшін, сондай-ақ қызметін адал атқарғандары үшін, медициналық көмекті жоғары біліктілікпен көрсеткендері үшін алғысын білдіреді.

**Қостанай облысы бойынша ҚАЖД**  
**УК – 161/12 мекемесі**

**СОТ ЗАЛЫНАН**

## Моральдық шығынын өндірді

**Балабақша тәрбиешілері ренжіткен баланың әкесі сот арқылы 101 мың теңге моральдық шығын өндірді.**

Қостанай қаласының тұрғыны Қостанайдағы балабақшалардың бірінен моральдық залалды өндіру туралы шағымымен қалалық сотқа жүгінген.

Шағымданушының мәлімдеуінше, 2016 жылдың 30 қарашасында сағат 10.00 шамасында балабақшадағы тәрбиешінің көмекшісі оның қызына психологиялық қысым жасап, күш көрсеткен. Көмекшінің әрекетіне қатысты ата-анадан шағым түскен соң ол тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Алайда, осы жағдайдан кейін оның кішкентай қызы мен өзіне деген қарым-қатынасы өзгерген.

Талап арыз иесінің баласы балабақшаға барудан қорқып, жиі жылап, ұйқысыздыққа тап болған. Күнделікті балабақшаға баласын әкеліп жүрген әке топқа кірген қызының

қорғансыз күйін, күйзелісін сезінген.

Тәрбиешілер өзге ата-аналарды оған қарсы қойып, ал кішкентай қыз баланы «Ватсап» әлеуметтік желісінде «өсекші» деп атаған. Онымен қоймай, талапкердің жұмыс орнына шағым жолдап, оның оның жеке өміріне қол сұғушылыққа барған.

Сот отырысы барысында 2016 жылдың желтоқсанынан 2017 жылдың ақпаны аралығында шағымданушы тарап жауапкер тараптан көрсетілген психологиялық қысым салдарынан моральдық жапа шеккені анықталды. Сонымен қатар, жауапкер баласының құқығын қорғамақ болған талапкерге өзге ата-аналарды қарсы қойып, негізсіз қудалау жасап, жұмыс орнына дейін шағым жасап, оның жеке өміріне қол сұққан.

Сот шешімімен шағым ішінара қанағаттандырылып, азамат К.-нің пайдасына жауапкерден 101 мың теңге моральдық залал өндірілді.

## Немересі әжесін өлтірген

**Қостанай облысының Жітіқара аудандық сотында ҚР ҚК 106-бабы 3-бөлігі бойынша қаралған қылмыстық істе айыпталған 34 жастағы жұмыссыз Владимир Воробейге қатысты сот үкімі шықты.**

Ағымдағы жылдың 7 ақпанында Жітіқара ауданының Жалтыркөл ауылында ішімдік ішкен В.Воробей өзінің 87 жастағы әжесінің басынан соққы жасаған.

Сот отырысы барысында істің мән-жайын баяндаған Воробейдің мәлімдеуінше, сол күні ол далада ағаш бұтап, қар тазалаған. Жұмыс барысында ішімдік ішіп жүрген.

Ішімдікті тауысып үйге кірген жігітке әжесінің керуетінің қасында еркек адам жатқандай көрінген. Оған бас салған сотталушы жәбірленушіге соққы жасап, әсіресе, басынан ұрған. Біраздан кейін

өзінің сабап жатқаны түсініксіз бірдеңе деп немересін тоқтатпақ болып жатқан әжесі екенін байқаған. Кейуананың халі нашар екенін көрген немере бораннан кейін жолдың жоқтығын сылтау етіп “жедел жәрдем” көмегін шақырмаған.

Келесі күні сағат 11 шамасында ол әжесінің жансыз жатқанын көріп, көршілеріне хабарлаған.

Сот сотталушы В.Воробейдің айғағын қасақана жасаған қылмысы үшін жазадан құтылу үшін айтылған айғақ деп бағалады. Сот үкімімен ол кінәлі деп танылып, оған 8 жылға жалпы тәртіптегі колонияда бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

**Қостанай облыстық**  
**сотының**  
**баспасөз қызметі**

**Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru**